Талғар ауданы Гүлдала ауылдық округінің
жергілікті қоғамдастық жиынының
№ 2 ХАТТАМАСЫ

Гүлдала ауылы «15» қаңтар 2026ж.

Қатысқандар :
Төраға: Т. Керимов – Гүлдала ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастық мүшесі;
Хатшы : А. Айтмаганбетов - бас маман;
М. Азилкияшева – Гүлдала ауылдық округінің әкімі.;

Қатысқандар - 9 адам;

КҮН ТӘРТІБІ :

Гүлдала ауылдық округіне қарасты, Гүлдала ауылының көшелерінің жарық шамдар мен тірек бағандарының жөндеу, күтіп ұстау, қызмет көрсету жұмыстары туралы.

ТЫҢДАЛДЫ: Әкім М.Азилкияшева – Құрметті Гүлдала ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастық мүшелері бүгінгі жиналыста қаралатын негізгі мәселелердің бірі Гүлдала ауылымен шекаралас Алматы –Көкпек – Көктал – Қорғас Республикалық маңызы бар тасжол бойында және Гүлдала ауылының Кичиков, Әль - Фараби, Жансугуров, Уалиханов, Қазыбек би, Абай, Әйтеке би, А. Молдағұлов, Панфилов, Төле би, Майлин, Наурызбай батыр, Байтұрсынов, Сүюнбай, Қарасай батыр, Мақатаев, Алатауская, Қобыланды батыр 34 А (стрит воркаут), Сейфуллин (аллея), Қазыбек би 56 Б (балалар ойын алаңы), Гүлдала ауылының көпірі, Кіші Байсерке ауылы: Абылай хан, Жамбыл, Қонаев, Абылай хан бүйірлік, Жамбыл № 4 Б (балалр ойын алаңы), Жана Куат ауылы, №26 көше, балалар ойын алаңы; Гүлдала ауылымен шекаралас Алматы –Көкпек – Көктал – Қорғас Республикалық маңызы бар тасжол бойында жолаушылар өткелі, 6 дана, көшелерінде орналасқан көше жарықтандыру шамдарын жөндеу, күтіп ұстау, қызмет көрсету жұмыстары. Нақтылап айтсақ оның ішінде 30 көше объектінде Барлығы:807 тірек баған 990 жарық шам кіреді. Осы жұмыстарға жалпы 12 000 000 (он екі миллион) теңге қарастырылған.

Қазіргі таңда жарық шамдарға қызмет көрсететін мердігер жоқ болғандықтан округ елді-мекендеріндің көшелерінде атап айтқанда Гүлдала ауылында Жансугуров, Ш, Уалиханов, Төле би, Жамбыл, Кичиков көшесінде, Жаңа Қуат ауылы № 26 көшесінде, Кіші Байсерке ауылы Жамбыл, Қонаев, Абылай хан көшелерінде жарық шамдар жанбай тұр. Бұл жағдай тұрғындардың оқушылар мен студенттерге түнгі уақытта жүруіне көптеген қолайсыз және қауіпті жағдайлар туғызуы мүмкін. Осыған байланысты Сіздермен ақылдасып дереу мәселені шешу үшін жарық шамдарға қызмет көрсететін мердігер табу керек.

Төраға: Т. Керимов:

- ия өздеріңіз білетіндей біздің округтің елді мекендерінде жарық шамдар көп болғандықтан жұмыс көлемі ауқымды болып тұр. Осыған байланысты 2025 жылы осы жұмысы атқарған мердігер компания ары қарай жұмысын жалғастырту керек.

бас маман: А. Айтмаганбетов:

- Осыған байланысты осы жұмыстарды бұрынғы жылдары; 2023 жылы «БИО Мир плюс» ЖШС, 2022 жылы «Tauekel Bp» ЖШС, 2021 жылы «Tauekel Bp» ЖШС, 2020 жылы және 2025 жылы «Tauekel Bp» ЖШС істеп кеткен мердігерлер бар. 2026 жылға округ көшелерінің жарықтандыру шамдарын жөндеу, күтіп ұстау, қызмет көрсету жұмыстарын істеген мердігерлерді шұғыл түрде жұмыс атқаруға шақыруға болады.

Найманбаева Бижамал – қоғамдастық мүшесі :

- Мен бүкіл мәселені тыңдап төрт жыл бойы біздің ауылдық округте жұмыс жасап қызмет көрсеткен «Tauekel Bp» ЖШС шақыруды ұсынамын.

Тохтиева Айшагуль – қоғамдастық мүшесі :

- Мен де ұсынылған өтініммен толықтай келісемін. Бекітуге қарсылығым жоқ.

Төраға: А. Курбанов :

Ұсынысқа дауыс берулеріңізді өтінемін.Ұсыныс толық құпталды.
Дауыс берушілер саны - 9. Ұсынысты бекітуге бәрі бірдей келісім берді.

Дауыс бергендер:-9
Қолдағандар:-9
Қарсы:-0
Қалыс:-0

ШЕШІМ :

1. Гүлдала ауылдық округіне қарасты, Гүлдала ауылының көшелерінің жарық шамдар мен тірек бағандарының жөндеу, күтіп ұстау, қызмет көрсету жұмыстарын өткізуге «Tauekel Bp» ЖШС мердігер компаниясы шақырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 16 бап 3 тармақ 28 тармақшасына сәйкес «Талғар ауданының Гүлдала ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі мен «Tauekel Bp» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Гүлдала ауылдық округіне қарасты, Гүлдала ауылының көшелерінің жарық шамдар мен тірек бағандарының жөндеу, күтіп ұстау, қызмет көрсету жұмыстары туралы келісім шарт жасалсын.

Төраға **Т.Керимов**

Хатшы **А. Айтмаганбетов**

15.01.2026 ж. **Гүлдала ауылы**

Гүлдала ауылдық округіне қарасты, Гүлдала ауылының көшелерінің жарық шамдар мен тірек бағандарының жөндеу, күтіп ұстау, қызмет көрсету жұмыстары туралы
Қорытынды

Біз, Гүлдала ауылдық округінің әкімі аппаратының мамандары;

1. Гүлдала ауылдық округінің әкімі М. Азилкияшева, 2. Гүлдала ауылдық округінің әкім орынбасары М. Абдуллин, 3. Гүлдала ауылдық округінің бас маманы А. Айтмаганбетов, 4. Гүлдала ауылдық округінің бас маманы Ж. Адамбалинова, 5. Гүлдала ауылдық округінің бас маманы С. Базарбеков. Гүлдала ауылымен шекаралас Алматы –Көкпек – Көктал – Қорғас Республикалық маңызы бар тасжол бойында және Гүлдала ауылының Кичиков, Әл - Фараби, Жансугуров, Уалиханов, Қазыбек би, Абай, Айтеке би, А. Молдагулова, Панфилов, Төле би, Майлин, Наурызбай батыр, Байтұрсынов, Сүйінбай, Карасай батыр, Макатаев, Алатауская көшелері, Гүлдала ауылының көпірі, Сейфуллин (саяжол), Қазыбек би 56 Б (балалар ойын алаңы), Қобыланды батыр 34 А (стрит воркаут), Гүлдала ауылымен шекаралас Алматы – Көкпек – Көктал – Қорғас Республикалық маңызы бар тасжол бойында жолаушылар өткелі, 6 дана, Кіші Байсерке ауылының Абылай хан, Қонаев, Абылай хан бүйірлік, Жамбыл көшелері, Жамбыл № 4 Б (балалр ойын алаңы), Жана Куат ауылының №26 көше көшелерінде орналасқан көше жарықтандыру шамдарын жөндеу, күтіп ұстау, қызмет көрсету жұмыстары. Нақтылап айтсақ оның ішінде 30 көше объектінде Барлығы:713 тірек баған 882 жарық шам кіреді. Осы жұмыстарға жалпы 12 000 000 (он еки миллион) теңге қарастырылған.

Қазіргі таңда жарық шамдарға қызмет көрсететін мердігер жоқ болғандықтан округ елді-мекендеріндің көшелерінде атап айтқанда Гүлдала ауылында Жансугуров, Ш, Уалиханов, Төле би, Жамбыл, Кичиков көшесінде, Жаңа Куат ауылы № 26 көшесінде, Кіші Байсерке ауылы Жамбыл, Қонаев, Абылай хан көшелерінде жарық шамдар жанбай тұр. Бұл жағдай тұрғындардың оқушылар мен студенттерге түнгі уақытта жүруіне көптеген қолайсыз және қауіпті жағдайлар туғызуы мүмкін. Осыған байланысты жарық шамдарға қызмет көрсететін 3 мердігер мекеменің коммерциялық ұсыныстарын қарастырып

1 «Gul qurylys servis» ЖК қызмет көрсетуге ұсынған бағасы 13 млн 500 мың теңге;

2 «Шабыт 2021» Гүлдала Ерікті мүгедектер қоғамы» ҚБ қызмет көрсетуге ұсынған бағасы 14 млн теңге;

3 «Tauekel Bp» ЖШС қызмет көрсетуге ұсынған бағасы 12 млн теңге;

Қортынды:

1. Гүлдала ауылдық округіне қарасты, Гүлдала, Жаңа Куат, Кіші Байсерке ауылының көшелерінің жарық шамдар мен тірек бағандарының жөндеу, күтіп ұстау, қызмет көрсету жұмыстарын өткізуге «Tauekel Bp» ЖШС мердігер компаниясы шақырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 16 бап 3 тармақ 28 тармақшасына сәйкес «Талғар ауданының Гүлдала ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі мен «Tauekel Bp» жауапкершілігі шектеулі

серіктестігі Гүлдала ауылдық округіне қарасты Гүлдала, Кіші Байсерке, Жаңа Қуат ауылдарының көшелерінің жарық шамдар мен тірек бағандарының жөндеу, күтіп ұстау, қызмет көрсету жұмыстары туралы келісім шарт жасалсын.

Гүлдала ауылдық округі Әкімі	**М.М.Азилкияшева**
Әкім орынбасары	**М.М.Абдуллин**
Бас маман	**С. Базарбеков**
Бас маман	**Ж. Адамбалинова**
Бас маман	**А. Айтмаганбетов**